ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

№ 31-НҚ от 10.08.2026

Астана қаласы № город Астана

Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 918 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы сыныптауышына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі қағидаларының 25, 26, 40 және 41-тармақтарына сәйкес және Ғылыми-техникалық комиссияның 2026 жылғы 7 тамыздағы № 102-ПР хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 15 қыркүйектен бастап ҚР СТ 4014-2025 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын анықтау жөніндегі нұсқау» ұлттық стандартының күші жойылсын және ҚР СТ 4014 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын анықтау жөніндегі нұсқау» ұлттық стандарты бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі ұлттық стандарттар бекітілсін және қолданысқа енгізілсін:

– ҚР СТ «Органикалық тыңайтқыштар. Өнеркәсіптік өндіріске қойылатын жалпы техникалық талаптар»;

– ҚР СТ «Ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды анықтауға арналған техникалық құралдар. Жалпы техникалық шарттар».

3. ҚР СТ ISO 10382-2013 «Топырақ сапасы. Хлорорганикалық пестицидтерді және полихлорланған бифенилдерді анықтау. Электрлі ұстау детекторды қолдану арқылы газаохроматографиялық әдісі» ұлттық стандартының күші осы бұйрық қол қойылған күннен бастап жойылсын.

Комитет технического регулирования и метрологии Асылбекова А.М.

Дата: 10.08.2026 16:32. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі
Техникалық реттеу және метрология
комитеті төрағасының
міндетін атқарушы **Б. Қасымов**

Согласовано
10.08.2026 12:27 Қазбек Нүрбек Данияруұлы
10.08.2026 14:16 Кабылбеков Канат Абаевич
Подписано
10.08.2026 14:35 Касымов Бауыржан Толегенович

Комитет технического регулирования и метрологии - Асылбекова А.М.

Дата: 10.08.2026 16:32. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП